

«Қазақ тілі» пәнінен
(оқыту қазақ тілінде емес)

жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар

4-сынып

Әдістемелік ұсыныстар мұғалімге 4-сынып білім алушыларына «Қазақ тілі» (оқыту қазақ тілінде емес) пәні бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге көмек құралы ретінде құрастырылған. Әдістемелік ұсыныстар бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес) мен оқу жоспарының негізінде дайындалған.

Бөлім/ ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары мұғалімге білім алушылардың тоқсан бойынша жоспарланған оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсыныстарда бөлім / ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауды өткізуге арналған бағалау критерийі мен дескрипторлары бар тапсырмалар ұсынылған. Сондай-ақ, жинақта білім алушылардың оқу жетістіктерінің мүмкін деңгейлері (рубрикалар) сипатталған. Тапсырмалар мен рубрикалар ұсыныс түрінде берілген.

Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу үшін спецификацияда тапсырма үлгілері мен балл қою кестесі ұсынылған. Спецификация стандартталған және оны тоқсандық жиынтық бағалауды өткізуде басшылыққа алу міндеттелген.

Әдістемелік ұсыныстар бастауыш сынып мұғалімдеріне, мектеп әкімшілігіне, білім беру бөлімінің әдіскерлеріне, критериалды бағалау бойынша мектеп, өңірлік үйлестірушілеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

Әдістемелік ұсыныстарды дайындау барысында ресми интернет-сайттағы қолжетімді ресурстар (суреттер, фотосуреттер, мәтіндер, аудио және бейнематериалдар) қолданылды.

МАЗМҰНЫ

I ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	4
«Менің Отаным - Қазақстан» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау	4
«Құндылықтар» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау	7
I тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың спецификациясы	10
II ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	17
«Мәдени мұра» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау	17
«Мамандықтар әлемі» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау	20
II тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың спецификациясы	23
III ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР.....	28
«Табиғат құбылыстары» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау	28
«Қоршаған ортаны қорғау» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау	31
III тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың спецификациясы.....	34
IV ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР.....	40
«Ғарышқа саяхат» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау	40
«Болашаққа саяхат» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау	43
IV тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың спецификациясы.....	46

I ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Менің Отаным - Қазақстан» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Сөйлеу әрекетінің түрлері	Тыңдалым Айтылым
Оқу мақсаты	4.1.3.1* Тыңдалған материалдың (ұзақтығы 2-2,5 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру/сөйлемді толықтыру және түйінді тұстарын анықтау/кесте толтыру/кластер құрастыру 4.2.2.1 Берілген тірек сөздер мен жоспардың негізінде қысқа монолог құру
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Тыңдалған мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді• Мәтіннен қажетті ақпараттарды анықтайды• Берілген тірек сөздер мен жоспарға сүйеніп әңгімелейді
Ойлау деңгейі	дағдыларының Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты	20 минут

1-тапсырма

Мәтінді мұқият тында. Тапсырмаларды орында.

- Сәлем, Джессика! Қалың қалай? Американың ауа райы қалай? Бізде күн жылы. Күз келсе де, ауа райы қуантып тұр. Сен хатыңда Қазақстан туралы жазуымды сұрап едің ғой.

Қазақстан - жер көлемі үлкен мемлекеттердің бірі. Менің елімде биік таулар, үлкен көлдер мен қалың ормандар өте көп. Әсіресе, Бурабай жерінің табиғаты өте тамаша. Ормандарда биік қайыңдар өседі. Бурабайдың таулары туралы аңыздар да бар.

Біз жазда отбасымызбен Бурабайға демалуға барамыз. Бурабайдың ауасы өте таза. Сен Қазақстанға келсең, міндетті түрде Бурабайды көрсетемін.

Сау бол, Джессика!

Сәлеммен, құрбың Айдана.

- a) Дұрыс жауабын тап. Айдана хатында не туралы жазды?
- A) қалың ормандар туралы
 - B) үлкен көлдер туралы
 - C) биік таулар туралы
 - D) туған жері туралы
- b) Мәтін бойынша сөйлемдерді толықтырып жаз.
- Ормандарда (қандай?) _____ қайыңдар өседі.
Бурабайдың таулары туралы (не?) _____ бар.
- c) Мәтін мазмұнына сәйкес болатын ақпаратты белгіле.
- A) Айдана Қазақстанды көруді армандайды.
 - B) Айдана - Джессиканың құрбысы.
 - C) Джессика Қазақстанда тұрады.
 - D) Айдана Америкада тұрады.

2-тапсырма

Берілген тірек сөздер мен жоспарды пайдаланып, «Менің Қазақстаным» тақырыбына сөйле.

Тірек сөздер: мемлекет, тәуелсіз, көп ұлтты, тату, рәміздер, танымал, көрікті жерлер, кең дала, әсем табиғат, биік ғимараттар, мақтан етемін, сүйемін.

Жоспар:

- 1) Елімнің табиғаты
- 2) Қазақстан халқы
- 3) Мен елімді сүйемін

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Тыңдалған мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді Мәтіннен қажетті ақпараттарды анықтайды	1	мәтіннің мазмұны бойынша сұраққа жауап береді;	1
		бірінші сөйлемді сәйкес сөзбен толықтырады;	1
		екінші сөйлемді сәйкес сөзбен толықтырады;	1
		мәтіннің мазмұнына сәйкес ақпаратты анықтайды;	1
Берілген тірек сөздер мен жоспарға сүйеніп әңгімелейді	2	тақырыпқа сәйкес мәтін құрады;	1
		мәтіннің құрылымдық бөліктерін сақтайды;	1
		тірек сөздерді орынды қолданады;	1
		сөйлемдердің құрылымын сақтайды;	1
		сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды.	1
Барлығы			9

**«Менің Отаным - Қазақстан» ортақ тақырыбы бойынша
жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Тыңдалған мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді Мәтіннен қажетті ақпараттарды анықтайды	1	Тыңдалған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруде және мәтіннің мазмұнына сәйкес ақпараттарды анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруде/ сөйлемдерді толықтыруда/ мәтінге сәйкес ақпараттарды анықтауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мәтіннің мазмұнына сәйкес ақпараттарды анықтайды. <input type="checkbox"/>
Берілген тірек сөздер мен жоспарға сүйеніп әңгімелейді	2	Берілген тақырып бойынша сөйлеуде қиналады. <input type="checkbox"/>	Тақырыпқа сәйкес мәтін құрады, мәтіннің құрылымын сақтауда/ тілдік нормаларды сақтап сөйлеуде қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Тілдік нормаларды сақтай отырып, берілген тақырып бойынша жүйелі мәтін құрайды. <input type="checkbox"/>

«Құндылықтар» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Сөйлеу түрлері	әрекетінің	Оқылым Жазылым
Оқу мақсаты		4.3.2.1 Бейтаныс сөздер кездесетін шағын мәтіндегі негізгі ойды түсіну 4.3.4.1* Мұғалімнің қолдауымен мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға бағытталған сұрақтар (неліктен? не үшін?) құрастыру және оған жауап беру 4.4.1.1* Шағын сюжетті комикс/буклет/ коллаж/ жарнама/ презентацияны сөйлемдермен толықтыру 4.5.1.5* Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай және құрмалас сөйлем құрастыру
Бағалау критерийі		<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Шағын мәтіннің негізгі ойын анықтайды• Мәтіннің мазмұнына және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға қатысты сұрақтарға жауап береді• Сюжетті суретті сәйкес сөйлемдермен толықтырады• Сөйлем құрастыруда сөздердің орын тәртібін сақтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі		Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты		20 минут

1-тапсырма

Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

Екі әйел құдықтан су алып жатты. Олардың қасына тағы бір әйел келді. Өтіп бара жатқан қарт кісі де құдықтың жанында жатқан тасқа отырып, демалды. Әйелдер балалары туралы мақтанып айта бастады.

Бірінші әйел:

– Менің ұлым өте күшті, оны ешкім жеңе алмайды, – деді.

– Ал менің ұлым әнді тамаша айтады. Ондай дауыс ешкімде жоқ, – деді екіншісі.

Үшінші әйел үндемеді.

Әйелдер су алып, үйлеріне қайтты. Қария да олармен бірге жүрді. Әйелдер шаршап демалуға тоқтады. Олардың алдынан үш бала шықты. Балалардың біреуі ары-бері секіріп, екіншісі ән айтып келе жатты. Ал үшіншісі үндемей келіп, анасының қолындағы ауыр шелекті алды.

Әйелдер қариядан:

– Біздің ұлдарымыз қандай екен? – деп сұрады.

– Мен бір ғана ұлды көріп тұрмын! – деді қария.

(В.Осевадан аударылып, бейімделген)

1) Кейіпкерлер мен олардың іс-әрекеттерін сәйкестендір.

Бірінші ұл

анасының қолындағы шелекті алды.

Екінші ұл

секіріп, өнер көрсетті.

Үшінші ұл

ән салып, таң қалдырды.

2) Сұрақтарға жауап бер.

а) Әйелдер не туралы сөйлесті?

- А) ұлдарының өнері туралы
- В) құдықтың суы туралы
- С) ауа райы туралы
- Д) қария туралы

б) Қарт кісі қай бала туралы айтты деп ойлайсың? Неліктен?

с) Бұл мәтіндегі оқиға неге үйретеді?

2-тапсырма

Суретке сүйеніп, сөйлемдерді толықтырып жаз.



Бала үндемей келіп, _____



Әйелдер балалары туралы _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Шағын мәтіннің негізгі ойын анықтайды Мәтіннің мазмұнына және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға қатысты сұрақтарға жауап береді	1	кейіпкерлердің іс-әрекетін анықтайды: - бірінші; - екінші; - үшінші;	1 1 1
		мәтіннің мазмұнына қатысты сұраққа жауап береді;	1
		кейіпкерлердің іс-әрекетіне қатысты сұраққа жауап береді;	1
		өз ойына дәлелді пікір айтады;	1
		мәтіннің негізгі ойын анықтайды;	1
Сюжетті суретті сәйкес сөйлемдермен толықтырады Сөйлем құрастыруда сөздердің орын тәртібін сақтайды	2	сөйлемдерді мазмұнына сәйкес толықтырады: - бірінші; - екінші;	1 1
		сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтайды;	1
		сөздерді грамматикалық нормаға сай жазады.	1
Барлығы			11

**«Құндылықтар» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Шағын мәтіннің негізгі ойын анықтайды Мәтіннің мазмұнына және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға қатысты сұрақтарға жауап береді	1	Мәтіннің негізгі ойын анықтауда және мәтін бойынша сұрақтарға жауап беруде қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің мазмұнына/кейіпкерлеріне қатысты сұрақтарға жауап беруде /мәтіннің негізгі ойын анықтауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің негізгі ойын анықтайды және мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді. <input type="checkbox"/>
Сюжетті суретті сәйкес сөйлемдермен толықтырады Сөйлем құрастыруда сөздердің орын тәртібін сақтайды	2	Сюжетті суретті сөйлемдермен толықтырып жазуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Сюжетке сәйкес сөйлем құрастыруда/ сөйлем құрылысын сақтауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Сөздердің орын тәртібін сақтай отырып, суретті сәйкес сөйлемдермен толықтырады. . <input type="checkbox"/>

I тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың спецификациясы

1. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мақсаты

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың оқу мақсаттарына жеткендігін тексеруге және тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларын анықтауға бағытталған.

Спецификация 4-сыныпта «Қазақ тілі» пәнінен тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұны мен өткізу рәсімін сипаттайды.

2. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес)

3. I тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

3.1 Ұзақтығы – 40 минут

Балл саны – 18

3.2 Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әртүрлі: көп таңдауы бар, қысқа және толық жауапты қажет ететін тапсырмалар қолданылады.

Көп таңдауы бар тапсырмаларда білім алушы ұсынылған жауап нұсқаларынан дұрысын таңдайды.

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларда білім алушы сөздер немесе сөйлемдер түрінде жауап береді.

Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар мәтінді түсінуге, өз ойын ауызша және жазбаша түрде толық, жүйелі, түсінікті етіп жеткізуге бағытталған.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерден/ сұрақтардан тұруы мүмкін.

Берілген нұсқа көп таңдауы бар, қысқа және толық жауапты қажет ететін 4 тапсырмадан тұрады.

Бірінші тапсырма тыңдалым, екіншісі -айтылым, үшіншісі -оқылым, төртінші тапсырма жазылым дағдысын тексеруге бағытталған.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

№	Ортақ тақырыптар	Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқу мақсаты	Тапсырманың сипаттамасы	Тапсырма саны	Жалпы балл
1	Менің Отаным - Қазақстан	Тыңдалым	4.1.2.1 Бейтаныс сөздер мен сөз тіркестері бар мәтіннің мағынасын мәнмәтінге қатысты анықтап түсіну	Білім алушы жабық түрдегі көп таңдауы бар және сәйкестендіру тапсырмасын орындайды.	1	4
		Айтылым	4.2.3.1* Белгілі бір тақырыптағы сұбхаттасу барысында шағын мәліметті (4-5 сөйлем) баяндау, кері байланыс беру, сөйлеу стилін сақтау, дауыс ырғағын келтіріп сөйлеу	Білім алушы ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	4
2	Адами құндылықтар	Оқылым	4.3.1.1* Мәтінді іштей, түсініп және қажетті ақпаратты тауып/шолып/белгі қойып оқу 4.3.4.1* Мұғалімнің қолдауымен мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға бағытталған сұрақтар (неліктен? не үшін?) құрастыру және оған жауап беру	Білім алушы жабық түрдегі көп таңдауы бар тапсырманы орындайды.	1	5
		Жазылым	4.4.1.1* Шағын сюжетті комикс/ буклет/ коллаж/ жарнама/ презентацияны сөйлемдермен толықтыру 4.5.1.5* Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап, жай және құрмалас сөйлем құрастыру	Білім алушы ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	5
Барлығы					4	18

4. Тапсырмалар мен балл қою кестесінің үлгілері

«Қазақ тілі» пәнінен 1-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары (оқыту қазақ тілінде емес)

Тыңдалым

1-тапсырма

Берілген диалогті мұқият тыңда. Тапсырмаларды орында.

- Сәлем, достар! Менің атым – Аружан. Мен Қазақстаннан келдім. Менің елім - үлкен, тәуелсіз мемлекет. Біздің елімізде ормандар, көлдер, биік таулар мен кең далалар бар. Қазақ халқы – бейбітшілікті сүйеді. Біздің туымызда күн мен қыран бейнеленген. Олар – бейбітшіліктің белгісі.

- Сәлем! Менің атым – Энди. Мен Американың Огайо штатынан келдім. Огайо «үлкен өзен» дегенді білдіреді. Өйткені біздің жерімізде үлкен өзен бар. Бізде қазір ауа райы өте ыстық болып тұр.

- Менің атым – Акира. Мен Жапония елінен келдім. Біздің салт-дәстүрлеріміз көп. Аружан, мен өткен жылы Қазақстанда болдым. Қазақстан халқы маған өте ұнады.

- Иә, Акира. Біздің халық өте мейірімді әрі қонақжай. Қонақтарды қуана қарсы алады. Достар, сендермен танысқаным өте қуаныштымын!

- Біз де қуаныштымыз!

1) Сәйкестендір.

- | | |
|-----------|---|
| 1. Аружан | А) өз елінің атауын түсіндірді |
| 2. Энди | В) өз елінің салт-дәстүрлері туралы айтты |
| 3. Акира | С) өз елінің табиғаты, халқы, рәмізі туралы айтты |

[3]

2) Мәтіннің мазмұнына сәйкес сөйлемді анықта.

- А) Акираға қазақ халқы өте ұнады.
- В) Огайо штатында қазір ауа райы салқын.
- С) Аружан өз елінің елтаңбасы туралы айтты.
- Д) Энди еліндегі асқар таулар туралы айтты.

[1]

Балл қою кестесі

Сөйлеу әрекеті	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
Тыңдалым	1 – С 2 – А 3 – В	3	Әр дұрыс сәйкестікке 1 балл қойылады.
	А)	1	
Барлығы		4	

Айтылым

2-тапсырма

Жұптық жұмыс

Берілген тірек сөздерді пайдаланып, «Менің елім - Қазақстан» тақырыбында диалогке қатыс.

Тірек сөздер: тәуелсіз, ұлт, мемлекет, шаңырақ, кең дала, биік таулар, рәміздер, елді сүю, мақтан ету

[4]

Балл қою кестесі

Сөйлеу әрекеті	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
Айтылым	<i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i> - Ажар, біз бүгінгі сабақта Қазақстан туралы айттық. Қазақстан - өте үлкен, тәуелсіз мемлекет. Қазақстанның даласы кең, табиғаты өте әдемі, биік таулары бар. Ал сен еліміздің рәміздері туралы білесің бе? - Әрине, білемін. Олар: Елтаңба, Ту, Әнұран. Туымыз көгілдір түсті. Бұл бейбітшілікті білдіреді. - Иә, дұрыс айтасың. Ал елтаңбаның ортасында шаңырақ орналасқан. Ол – бірліктің белгісі. Қазақстанда көп ұлттар тұрады. Мен өз елімді сүйемін.	1	<i>Тақырыпқа сәйкес баламалы диалог қабылданады.</i> Тақырып бойынша сұхбаттасына сұрақ қояды және жауап береді.
		1	Тақырыпқа қатысты мәліметтерді қамтиды.
		1	Тірек сөздерді орынды қолданады.
		1	Диалогтік сөйлеу мәдениетін, дауыс ырғағын сақтайды.
Барлығы		4	

Оқылым**3-тапсырма**

Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

Ертеде әтеш пен тотықұс дос болыпты. Әтештің киімі әдемі болыпты. Ал тотықұстың әдемі киімі жоқ екен.

Бір күні тотықұс әтешке:

— Досым, мен бүгін қонаққа барамын. Маған әдемі киімді берші, – деді.

Әтеш досына өзінің әдемі киімдерін береді. Тотықұс әдемі киініп, қонаққа кетеді.

— Егер ертең келмесең, дауыстап шақыр, – дейді ол әтешке.

Тотықұс көп уақыт бойы келмейді. Әтеш тотықұс естісін деп, қайта-қайта шақырады. Содан бері әтеш досы мен әдемі киімін іздеп, таңертеңнен кешке дейін шақыра береді екен.

1) Мәтін бойынша сөйлемдердің ретін белгілеп көрсет (1,2,3...)

Сөйлемдер	Реті
Әтеш тотықұсты іздеп, қайта-қайта шақырады.	
Тотықұс әтешке келетін уақытын айтады.	
Тотықұс әтештің әдемі киімдерін сұрайды.	

[3]

2) Сұраққа жауап жаз.

Тотықұс қандай дос? Неліктен?

[2]

Балл қою кестесі

Сөйлеу әрекеті	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат								
Оқылым	<table border="1"> <thead> <tr> <th>Сөйлемдер</th> <th>Реті</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Әтеш тотықұсты іздеп, қайта-қайта шақырады.</td> <td align="center">3</td> </tr> <tr> <td>Тотықұс әтешке келетін уақытын айтады.</td> <td align="center">2</td> </tr> <tr> <td>Тотықұс әтештің әдемі киімдерін сұрайды.</td> <td align="center">1</td> </tr> </tbody> </table>	Сөйлемдер	Реті	Әтеш тотықұсты іздеп, қайта-қайта шақырады.	3	Тотықұс әтешке келетін уақытын айтады.	2	Тотықұс әтештің әдемі киімдерін сұрайды.	1	3	Дұрыс белгіленген әр сөйлемге 1 балл қойылады.
	Сөйлемдер	Реті									
	Әтеш тотықұсты іздеп, қайта-қайта шақырады.	3									
	Тотықұс әтешке келетін уақытын айтады.	2									
Тотықұс әтештің әдемі киімдерін сұрайды.	1										
<p><i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i> Тотықұсты «нағыз дос» деуге болмайды. Өйткені ол досын алдап кетті/ Досына өтірік айтады / Өзінің айтқанын орындамайды / Нағыз достар алдамайды/...</p>	1	Баламалы жауап нұсқалары қабылданады. Сұраққа қатысты пікірін айтады.									
	1	Өз көзқарасын негіздейді. .									
Барлығы		5									

Жазылым

4-тапсырма

Суретті тиісті сөздермен толықтыр. Сурет бойынша «Автобуста» тақырыбына шағын әңгіме құрастырып жаз (5-6 сөйлем).



[5]

Балл қою кестесі

Сөйлеу әрекеті	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
Жазылым		1	<p>Сюжеттің мазмұнына сәйкес баламалы сөйлемдер қабылданады.</p> <p>Суретті мазмұнына сәйкес сөйлемдермен толықтырады.</p>
	<p><i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i></p> <p>Ербол мектепке күнде автобуспен барады. Бүгін де автобустағы бос орынға келіп отырды. Келесі аялдамадан автобуска бір ата мінді. Ербол атаға орын берді. Атай Ерболға: «Рақмет, балам! Сен өте тәрбиелі бала екенсің», - деді.</p>	1	<p>Тақырыпқа сәйкес баламалы мәтін қабылданады.</p> <p>Суреттің мазмұнына сәйкес мәтін құрайды.</p>
		1	Мәтіннің құрылымын сақтайды.
		1	Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтайды.
		1	Лексика-грамматикалық нормаға сай жазады.
Барлығы		5	

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауды өткізу ережелері

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинетіңіздегі көмек ретінде қолдануға мүмкін болатын кез келген көрнекі құралдарды (диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар немесе карталарды) жауып қойған дұрыс.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталмас бұрын алғашқы бетінде жазылған нұсқау оқылып, білім алушыларға жұмыстың орындалу ұзақтығы хабарланады. Білім алушыларға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі. Нұсқаулықпен таныстырып болғаннан кейін білім алушыларға тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтылады.

Білім алушылардың жұмысты өздігінен орындап жатқандығына, жұмысты орындау барысында көмек беретін қосымша ресурстарды, мысалы: сөздіктер немесе калькуляторлар (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіледі. Олардың жұмыс уақытында бір-біріне көмектесулеріне, көшіріп алуларына және сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі.

Білім алушыларға дұрыс емес жауапты өшіргішпен өшірудің орнына, қарындашпен сызып қою ұсынылады.

Жұмыс барысында нұсқаулыққа немесе жұмыстың ұзақтығына қатысты білім алушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруге болады. Жекелеген білім алушыларға көмек беруге негізделген кез келген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға немесе көрсетуге тыйым салынады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аяқталуына 5 минут уақыт қалғандығын үнемі хабарлап отыру қажет.

Тоқсандық жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін білім алушылардан жұмыстарын тоқтатып, қалам/қарындаштарын партаның үстіне қоюларын өтіну керек.

5. Модерация және балл қою

Барлық мұғалімдер балл қою кестесінің бірдей нұсқасын қолданады. Модерация үдерісінде бірыңғай балл қою кестесінен ауытқушылықты болдырмау үшін жұмыс үлгілерін балл қою кестесіне сәйкес тексеру қажет.

II ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Мәдени мұра» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Сөйлеу әрекетінің түрлері	Тыңдалым Айтылым
Оқу мақсаты	4.1.1.1* Анық айтылған сөзді тыңдап, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасау және нақтылау мақсатында сұрақтар құру 4.2.4.1* Жоспар/жазбаларын қолданып, мәтінді толық мазмұндау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Мәтін бойынша тірек сөздерді анықтайды• Мәтіннің мазмұнына қатысты сұрақтар құрастырады• Мәтінді жоспар бойынша толық мазмұндайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты	20 минут

1-тапсырма

а) Мәтінді мұқият тыңда. Мәтін бойынша 5-6 тірек сөз жаз.

Түркістан – көне қалалардың бірі. Ол Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан. Қаланың бұрынғы атауы – Ясы.

Бүгінде Түркістанға туристер көп барады. Түркістанда Қожа Ахмет Ясауидің кесенесі бар. Ахмет Ясауи ғұлама данышпан, ойшыл, ақын болған. Ахмет Ясауи кесенесі 8 жыл салынған. Кесенеде 35 бөлме бар.

Түркістанда 16 ғасырда салынған шығыс моншасы да бар. Бір қызығы, моншаның 9 бөлмесінің бір де бірінде есік жоқ. Бірақ мұнда ыстық ауа мен салқын ауа араласпайды.

Қасиетті Түркістан – қазақ халқының тарихында маңызды орын алатын қалалардың бірі.

Тірек сөздер: _____

б) Мәтіннің мазмұнына қатысты 2 сұрақ құрастырып жаз.

1) _____

2) _____

с) Мәтінге сүйеніп, сөйлемді толықтырып жаз.

Шығыс моншасындағы бөлмелердің есігі жоқ, бірақ мұнда _____

2-тапсырма

Берілген жоспар бойынша тыңдаған мәтіннің мазмұнын айт.

Жоспар:

- 1) Көне Түркістан
- 2) Қожа Ахмет Ясауи кесенесі
- 3) Шығыс моншасы

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Мәтін бойынша тірек сөздерді анықтайды Мәтіннің мазмұнына қатысты сұрақтар құрастырады	1	мәтін бойынша негізгі тірек сөздерді анықтайды;	1
		мәтіннің мазмұнына қатысты сұрақтар құрастырады: -бірінші;	1
		-екінші;	1
		сөйлемді сәйкес ақпаратпен толықтырады;	1
Мәтінді жоспар бойынша толық мазмұндайды	2	мәтінді жоспарға сәйкес жүйелі мазмұндайды;	1
		мәтіндегі негізгі ақпараттарды қамтиды;	1
		ойын жүйелі, еркін жеткізеді;	1
		сөйлемнің құрылымын сақтайды;	1
		сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды.	1
Барлығы			9

**«Мәдени мұра» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Мәтін бойынша тірек сөздерді анықтайды Мәтіннің мазмұнына қатысты сұрақтар құрастырады	1	Мәтін бойынша тірек сөздерді анықтауда және мәтіннің мазмұнына қатысты сұрақтар қоюда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтін бойынша тірек сөздерді анықтауда/мәтіннің мазмұнына қатысты сұрақтар қоюда/ сөйлемді сәйкес ақпараттармен толықтыруда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Мәтін бойынша тірек сөздерді анықтайды және мәтіннің мазмұнына қатысты сұрақтар қояды. <input type="checkbox"/>
Мәтінді жоспар бойынша толық мазмұндайды	2	Жоспар бойынша мәтіннің мазмұнын айтуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің мазмұнын айтады, мәтіннің жүйесін / сөйлем құрылысын сақтауда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Жоспар бойынша мәтіннің мазмұнын жүйелі баяндайды. <input type="checkbox"/>

«Мамандықтар әлемі» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқылым Жазылым
Оқу мақсаты	4.3.1.1* Мәтінді іштей, түсініп және қажетті ақпаратты тауып/ шолып/ белгі қойып оқу 4.3.4.1* Мұғалімнің қолдауымен мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға бағытталған сұрақтар (неліктен? не үшін?) құрастыру және оған жауап беру 4.4.5.2 Сөзге қосымшалар жалғау кезінде үндестік заңын сақтау 4.5.1.2* Көптік/ тәуелдік/ септік/ жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/ жазбаша тілде қолдану
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Мәтіннен қажетті ақпараттарды анықтайды• Мәтін мазмұны бойынша бағалау сұрақтарын құрастырады және жауап береді• Жазу барысында үндестік заңын сақтайды• Жалғауларды орынды қолданады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	20 минут
1-тапсырма	

Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

Құрылысшы – бірнеше мамандықтың иесі. Өйткені жалғыз адам үлкен үй сала алмайды. Дайын үй жасау бірнеше кезеңдерден тұрады.
Алдымен сәулетшілер жаңа ғимараттың сызбасын жасайды. Содан соң бұл сызба бойынша тас қалаушылар ғимараттың қабырғасын тұрғызады, шатырын жабады. Бұдан кейін ағаш шеберлері терезелерін орнатады. Сылақшылар қабырғалар мен еденді бояйды.
Құрылысшылар кез келген ауа райында жұмыс жасайды. Сондықтан олардың денсаулығы мықты, олар кез келген қиындыққа шыдамды болады.
Құрылысшы мамандығы – ең қажетті мамандықтардың бірі.

1) Мәтін бойынша үй салудың кезеңдерін ретімен белгілеп көрсет (1,2,3,...)

Сөйлемдер	Реті
Ғимараттың ішкі жұмыстары жасалады.	
Ғимараттың қабырғалары қаланады.	
Ғимараттың терезелері орнатылады.	
Ғимараттың сызбасы жасалады.	

2) Мәтін бойынша *неліктен?не үшін* сұрақтарын пайдаланып, 1сұрақ құрастыр және жауап бер.

Сұрақ: _____

Жауап: _____

2-тапсырма

Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып, көшіріп жаз.

Менің атым – Асқар. Мен 4-сынып оқушысы... . Мен болашақ... өрт сөндіруші болғым келеді. Менің ойымша, өрт сөндіруші – маңызды мамандық. Өйткені олар адамдар... құтқарады. Менің дос... бар. Ол ер жеткенде әскери адам болғысы келеді

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Мәтіннен қажетті ақпаратты анықтайды Мәтін мазмұны бойынша бағалау сұрақтарын құрастырады және жауап береді	1	мәтін мазмұнына қатысты ақпараттардың ретін анықтайды;	1
		мәтін мазмұны бойынша бағалау сұрағын құрастырады;	1
		сұраққа сәйкес жауап береді;	1
Жазу барысында үндестік заңын сақтайды Жалғауларды орынды қолданады	2	мәтінді қатесіз көшіреді;	1
		көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды жазады:	
		-жіктік жалғауларын орынды қолданады;	1
		-септік жалғауларын дұрыс жалғайды;	1
-тәуелдік жалғауларын ажыратады:	1		
		жазу барысында үндестік заңын сақтайды.	1
Барлығы			8

**«Мамандықтар әлемі» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Мәтіннен қажетті ақпараттарды анықтайды Мәтін мазмұны бойынша бағалау сұрақтарын қояды және жауап береді	1	Мәтіннен қажетті ақпаратты анықтауда және мәтін мазмұны бойынша бағалау сұрақтарын құрастыруда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтіннен қажетті ақпаратты анықтауда/ мәтін мазмұны бойынша бағалау сұрақтарын құрастыруда/ сұраққа жауап беруде қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Мәтіннен қажетті ақпаратты анықтайды, мәтін мазмұны бойынша бағалау сұрақтарын құрастырады және жауап береді. <input type="checkbox"/>
Жазу барысында үндестік заңын сақтайды Жалғауларды орынды қолданады	2	Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қоюда қиналады. <input type="checkbox"/>	Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қоюда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды дұрыс қояды. <input type="checkbox"/>

II тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың спецификациясы

1. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мақсаты

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың оқу мақсаттарына жеткендігін тексеруге және тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларын анықтауға бағытталған.

Спецификация 4-сыныпта «Қазақ тілі» пәнінен тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұны мен өткізу рәсімін сипаттайды.

2. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес)

3. II тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

3.1 Ұзақтығы - 40 минут

Балл саны - 18

3.2 Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әртүрлі: көп таңдауы бар, қысқа және толық жауапты қажет ететін тапсырмалар қолданылады.

Көп таңдауы бар тапсырмаларда білім алушы ұсынылған жауап нұсқаларынан дұрысын таңдайды.

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларда білім алушы сөздер немесе сөйлемдер түрінде жауап береді.

Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар мәтінді түсінуге, өз ойын ауызша және жазбаша түрде толық, жүйелі, түсінікті етіп жеткізуге бағытталған.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерден/сұрақтардан тұруы мүмкін.

Берілген нұсқа көп таңдауы бар, қысқа және толық жауапты қажет ететін 4 тапсырмадан тұрады.

Бірінші тапсырма тыңдалым дағдысын, екіншісі - айтылым, үшіншісі - оқылым, төртіншісі жазылым дағдысын тексеруге бағытталған.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

№	Ортақ тақырыптар	Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқу мақсаты	Тапсырманың сипаттамасы	Тапсырма саны	Жалпы балл
1	Мамандықтар әлемі	Тыңдалым	4.1.3.1* Тыңдалған материалдың (ұзақтығы 2-2,5 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру/сөйлемді толықтыру және түйінді тұстарын анықтау/кесте толтыру/кластер құрастыру/ болжау	Білім алушы жабық түрдегі көп таңдауы бар және ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларды орындайды.	1	4
		Айтылым	4.2.2.1 Берілген тірек сөздер мен жоспардың негізінде қысқа монолог құру	Білім алушы ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырмаларды орындайды.	1	4
2	Мәдени мұра	Оқылым	4.3.1.1* Мәтінді іштей, түсініп және қажетті ақпаратты тауып/шолып/белгі қойып оқу	Білім алушы жабық түрдегі көп таңдауы бар тапсырмаларды орындайды.	1	5
		Жазылым Тілдік дағдылар	4.4.5.2 Сөзге қосымшалар жалғау кезінде үндестік заңын сақтау	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларды орындайды.	1	5
Барлығы					4	18

4. Тапсырмалар мен балл қою кестесінің үлгілері

«Қазақ тілі» пәнінен 2-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары (оқыту қазақ тілінде емес)

Тыңдалым

1-тапсырма

Мәтінді тында. Тапсырмаларды орында.

Әлемде мамандықтың түрі көп. Менің достарым ғарышкер, ұшқыш немесе биші болуды армандайды. Ал менің арманым – дәрігер болу. Дәрігер мамандығы – қиын, жауапкершілігі мол мамандық. Дәрігерлер мейірімді болуы керек, өйткені ол науқас адамдарды емдейді. Сонымен қатар дәрігерлер өте шыдамды болады. Олар күндіз де, түнде де көмекке келеді. Дәрігерлерге қателесуге болмайды, өйткені оның жұмысы адамның өмірімен байланысты.

Дәрігер болу үшін көп оқу керек. Сондықтан нағыз дәрігер болу үшін мен қазірден бастап өз оқуыма көңіл бөлемін.

1) Дәрігерлерге неліктен қателесуге болмайды?

- A) өйткені оның жұмысы адам өмірімен байланысты
- B) өйткені оның жұмысы көп уақытты қажет етеді
- C) өйткені оның жұмысы дәрігерлермен байланысты
- D) өйткені оның жұмысы көп оқуды қажет етеді

[1]

2) Мәтін бойынша сөйлемдерді толықтыр.

- Дәрігерлер адамдарға кез келген жағдайда көмектеседі, сондықтан олар _____ болуы керек.
- Дәрігерлер науқас адамдарды емдейді, сондықтан олар _____ болуы керек.

[2]

3) Мәтіннің мазмұнына сәйкес сөйлемді анықта.

- A) Оның достары әнші, өрт сөндіруші болды армандайды.
- B) Оның ойынша, дәрігерлердің қатесін түзетуге болады.
- C) Оның ойынша, дәрігер болу үшін жақсы оқу керек.
- D) Оның алға қойған мақсаты – ғарышкер болу.

[1]

Балл қою кестесі

Сөйлеу әрекеті	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
Тыңдалым	A)	1	
	шыдамды	1	
	мейірімді	1	
	C)	1	
Барлығы		4	

Айтылым

2-тапсырма

Берілген жоспар мен тірек сөздерді пайдаланып, «Мамандықтың бәрі жақсы» немесе «Менің сүйікті мамандығым» деген тақырыптардың біреуі бойынша сөйле.

Тірек сөздер: мамандық түрі, болашақта, таңдау жасау, әр адамның қалауы, мамандықты сүю, пайдалы, қажетті.

Жоспар:

- 1) Мамандықтың түрі көп
- 2) Менің қиялымдағы мамандық
- 3) Мамандығыммен мақтанамын

[4]

Балл қою кестесі

Сөйлеу әрекеті	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
Айтылым	<i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i> Мамандықтың түрі көп. Әнші ән салады, дәрігер адамдарды емдейді, мұғалім білім береді. Бірақ әр адам өзіне ұнайтын мамандықты таңдауы керек. Мен дәрігер болуды қалаймын. Менің анам –дәрігер. Мен өз анама ұқсағым келеді. Дәрігерлер адамдарға көмектеседі. Оларды емдейді. Дәрігер - ең пайдалы мамандық. Болашақта өзімді жақсы дәрігер боламын деп ойлаймын.	1	<i>Тақырыпқа сәйкес баламалы мәтін қабылданады. Тақырыпты ашады.</i>
		1	Тірек сөздерді орынды қолданады.
		1	Ойын жүйелі, еркін жеткізеді.
		1	Сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды.
Барлығы		4	

Оқылым**3-тапсырма**

Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

Тараз – Оңтүстік Қазақстанда орналасқан көне қала. Ол Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан. Сондықтан ірі сауда орталығына айналды..

Таразда сәулет өнерінің тамаша ескерткіштері бар. Олар – Қарахан, Айша бибі кесенесі, көне монша. Тараз моншасы – Орта Азия мен Қазақстандағы ең алғашқы моншалардың бірі. Моншаның бөлмелері түрлі ою-өрнекпен безендірілген. Қалада сонымен қатар теңге соғатын ұстаханалар болған.

Тараз қаласы бұрын Талас. Әулиеата. Жамбыл деп аталған.

- 1) Тараз қаласы неліктен ірі сауда орталығы болды?
 - A) Қалада ең алғашқы монша салынды.
 - B) Қалада теңге соғатын ұстаханалар болды.
 - C) Қала Ұлы Жібек жолының бойында орналасты.
 - D) Қалада сәулет өнерінің ескерткіштері көп болды.

[1]

- 2) Мәтіннің екінші бөлімінде не туралы айтылады?
 - A) әдемі кесене туралы
 - B) сауда орталығы туралы
 - C) қаланың әдемілігі туралы
 - D) көне ескерткіштер туралы

[1]

- 3) Тараз моншасының ерекшелігі неде? Жаз.

[1]

- 4) Берілген сұрақтарға сәйкес бөлікті тауып, байланыстырып сыз.

1) Тараз қаласының бұрынғы атаулары қандай?

A) сәулет өнерінің ескерткіштері

B) Талас, Әулиеата, Жамбыл

2) Көне қалада нелер көп?

C) оңтүстік Қазақстанда

[2]

Балл қою кестесі

Сөйлеу әрекеті	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
Оқылым	C)	1	
	D)	1	
	Қазақстандағы ең алғашқы монша /моншаның қабырғалары ою-өрнекпен безендірілген	1	
	1-B	1	
	2-A	1	
Барлығы		5	

Жазылым

4-тапсырма

Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып, көшіріп жаз.

Отырар – көне қала. Ол бұрын Фараб қала... деп аталған. Қазір қала... орны ғана бар. Қаланы архелог... зерттеп жатыр. Одан көптеген металл бұйым... мен әшекей. зат... табылды.

[5]

Балл қою кестесі

Сөйлеу әрекеті	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
Жазылым	қаласы	1	
	қаланың	1	
	археологтар	1	
	бұйымдар	1	
	заттар	1	
Барлығы		5	

5. Тоқсан бойынша жиынтық бағалауды өткізу ережелері

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинетіңіздегі көмек ретінде қолдануға мүмкін болатын кез келген көрнекі құралдарды (диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар немесе карталарды) жауып қойған дұрыс.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталмас бұрын алғашқы бетінде жазылған нұсқау оқылып, білім алушыларға жұмыстың орындалу ұзақтығы хабарланады. Білім алушыларға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі. Нұсқаулықпен таныстырып болғаннан кейін білім алушыларға тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтылады.

Білім алушылардың жұмысты өздігінен орындап жатқандығына, жұмысты орындау барысында көмек беретін қосымша ресурстарды, мысалы: сөздіктер немесе калькуляторлар (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіледі. Олардың жұмыс уақытында бір-біріне көмектесулеріне, көшіріп алуларына және сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі.

Білім алушыларға дұрыс емес жауапты өшіргішпен өшірудің орнына, қарындашпен сызып қою ұсынылады.

Жұмыс барысында нұсқаулыққа немесе жұмыстың ұзақтығына қатысты білім алушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруге болады. Жекелеген білім алушыларға көмек беруге негізделген кез келген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға немесе көрсетуге тыйым салынады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аяқталуына 5 минут уақыт қалғандығын үнемі хабарлап отыру қажет.

Тоқсандық жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін білім алушылардан жұмыстарын тоқтатып, қалам/қарындаштарын партаның үстіне қоюларын өтіну керек.

6. Модерация және балл қою

Барлық мұғалімдер балл қою кестесінің бірдей нұсқасын қолданады. Модерация үдерісінде бірыңғай балл қою кестесінен ауытқушылықты болдырмау үшін жұмыс үлгілерін балл қою кестесіне сәйкес тексеру қажет.

III ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Табиғат құбылыстары» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Сөйлеу әрекетінің түрлері	Тыңдалым Айтылым
Оқу мақсаты	4.1.4.1* Тыңдаған мәтін бойынша оқиғаның себеп-салдарлық байланысын (кейіпкерлер, оқиға) және негізгі ойды мұғалімнің қолдауымен анықтау 4.2.4.1* Жоспар/жазбаларын қолданып, мәтінді толық мазмұндау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Мәтіндегі оқиғаның себепін түсіндіреді• Мәтінді жоспар бойынша толық мазмұндайды
Ойлау деңгейі	дағдыларының Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты	20 минут

1-тапсырма

Мәтінді тыңда. Тапсырмаларды орында.

Желтоқсан – қыстың басы. Қыста күннің жылуы азаяды. Терең үйшіктерде жатқан жануарла аяздан қорықпайды. Себебі қардан суық өтпейді.

Қыста кейде қатты боран соғады. Ондай кезде далаға шығу қиын. Боранды күні адасып қалуға болады. Сондықтан мұндай күні абай болу керек.

Қыс бірден түсе қоймайды. Өзенге мұз қатқан кезден бастап қыс келді деп айтуға болады. Аязды күні жауған қар құрғақ, ал жылы күні жауған қар жабысқақ болады. Жабысқақ қар домалатып ойнауға ыңғайлы.

Ал қар үстінде ойнау қандай керемет! Балалар қыс мезгілін жақсы көреді. Аққала жасап, қар атысып ойнау, шанамен сырғанау, шаңғы тебу – балалардың ең сүйікті ісі.

- 1) Мәтінде қандай қысқы қауіп туралы айтылады?
 - A) тоңу
 - B) адасу
 - C) құлау
 - D) үсіп қалу
- 2) Мәтіннің мазмұнына сәйкес келетін 2 сөйлемді анықта.
 - A) Қыста күннің жылуы азаяды.
 - B) Боранды күндері ешқандай қауіп жоқ.
 - C) Жабысқақ қар домалатып ойнауға ыңғайлы.
 - D) Қыс келді деп алғашқы қар жауған кезден бастап айтады.
- 3) Терең үйшіктерде жатқан жануарларға аяз неліктен әсер ете алмайды?

2-тапсырма

Берілген жоспар бойынша тыңдалған мәтіннің мазмұнын айт.

- 1) Қыс мезгілі
- 2) Қысқы қауіп
- 3) Қысқы қуаныш

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Мәтіндегі оқиғаның себебін түсіндіреді	1	мәтін мазмұны бойынша сұраққа жауап береді;	1
		мәтіннің мазмұнына сәйкес сөйлемдерді анықтайды: - бірінші сөйлемді; - екінші сөйлемді;	1 1
		мәтін бойынша оқиғаның себебін түсіндіреді;	1
Мәтінді жоспар бойынша толық мазмұндайды	2	мәтіннің мазмұнын жоспарға сәйкес, жүйелі айтады;	1
		мәтіндегі негізгі ақпараттарды қамтиды;	1
		өз ойын еркін жеткізеді;	1
		сөйлемнің құрылымын сақтайды;	1
		сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды.	1
Барлығы			9

**«Табиғат құбылыстары» ортақ тақырыбы бойынша
жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Мәтіндегі оқиғаның себебін түсіндіреді	1	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруде және мәтіндегі оқиғаның себебін түсіндіруде қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруде/мәтіндегі оқиғаның себебін түсіндіруде қателеседі. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мәтіндегі оқиғаның себебін түсіндіреді. <input type="checkbox"/>
Мәтінді жоспар бойынша толық мазмұндайды	2	Жоспар бойынша мәтіннің мазмұнын баяндауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің мазмұнын айтады, жүйелілікті сақтауда / тілдік нормаларды/ сөйлем құрылымын сақтауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Мәтін мазмұнын жоспарға сәйкес жүйелі баяндайды. <input type="checkbox"/>

«Қоршаған ортаны қорғау» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқылым Жазылым
Оқу мақсаты	4.3.4.1* Мұғалімнің қолдауымен мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға бағытталған сұрақтар (неліктен? не үшін?) құрастыру және оған жауап беру 4.3.2.1 Бейтаныс сөздер кездесетін шағын мәтіндегі негізгі ойды түсіну 4.4.1.1* Шағын сюжетті комикс/ буклет/ коллаж/ жарнама/ презентацияны сөйлемдермен толықтыру 4.5.1.5* Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап, жай және құрмалас сөйлем құрастыру
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Мәтіннің мазмұнына қатысты сұрақтарға жауап береді• Мәтіннің негізгі ойын анықтайды• Сюжетті суреттер бойынша сөйлемдер құрастырады• Сөйлем құрастыруда сөздердің орын тәртібін сақтайды
Ойлау деңгейі	дағдыларының Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты 1-тапсырма	20 минут
Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.	

Біз табиғаттың байлығын көп пайдаланамыз. Бірақ бізге табиғатты қорғау да қажет. Біздің елімізде «Халықаралық табиғат қорғау қоғамы» бар. Оның басты мақсаты – саны азайып, жойылып бара жатқан аң-құстарды, өсімдіктерді қамқорлыққа алып, арнайы кітапқа жазу. Мұндай кітапты «Қызыл кітап» деп атайды. Оның қызыл және сары парақтары бар. Қызыл парағына жойылып бара жатқан жануарлар, ал сары парағына саны аз аң-құстар, өсімдіктер жазылады. Қазақстанның Қызыл кітабына қызыл қасқыр, Тянь-Шань қоңыр аюы, барыс, қарақұйрық, Алтай арқары сияқты сирек кездесетін жануарлар енгізілген. Бұл жануарлардың саны қорегінің азаюынан, бағалы терісі мен мүйізі үшін аулаудың салдарынан сиреп кеткен.

Адам – табиғаттың бір бөлшегі. Адамдар табиғатсыз өмір сүре алмайды. Табиғатты аялай білуіміз керек.

- 1) «Халықаралық табиғатты қорғау қоғамын» құрудың мақсаты не?
 - A) саны аз аң-құстарды, өсімдіктерді зерттеу
 - B) саны көп аң-құстарды арнайы кітапқа жазу
 - C) саны көп аңдар мен құстар туралы хабарлап отыру
 - D) саны аз аң-құстарды, өсімдіктерді қамқорлыққа алу

- 2) Мәтін бойынша сөйлемдерді толықтыр.

- Қызыл кітаптың қызыл түсті парағына _____ жазылады.
- Қызыл кітаптың сары түсті парағына _____ жазылады.

3) Мәтіннен қандай ой түйдің?

2-тапсырма

Суреттерге мұқият қара. Оқиғаның ретін анықтап, сандармен белгілеп көрсет (1,2,3,4). Берілген суреттер негізінде шағын мәтін құрастырып жаз (6-8 сөйлем).









Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Мәтіннің мазмұнына қатысты сұрақтарға жауап береді Мәтіннің негізгі ойын анықтайды	1	мәтін бойынша сұраққа жауап береді;	1
		бірінші сөйлемді сәйкес ақпаратпен толықтырады;	1
		екінші сөйлемді сәйкес ақпаратпен толықтырады;	1
		мәтіннің негізгі ойын тұжырымдайды;	1
Сюжетті суреттер бойынша сөйлемдер құрастырады	2	суреттер бойынша сюжеттің ретін анықтайды;	1
		суреттің мазмұнына сәйкес әңгіме құрастырады;	1
		мәтіннің құрылымын сақтайды;	1
		сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтайды;	1
		сөйлемдердің тыныс белгілерін дұрыс қояды;	1
сөздерді лексика-грамматикалық нормаға сай жазады.	1		
Барлығы			10

**«Қоршаған ортаны қорғау» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Мәтіннің мазмұнына қатысты сұрақтарға жауап береді Мәтіннің негізгі ойын анықтайды	1	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруде және мәтіннің негізгі ойын тұжырымдауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруде/ мәтіннің негізгі ойын тұжырымдауда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді және мәтіннің негізгі ойын тұжырымдайды. <input type="checkbox"/>
Сюжетті суреттер бойынша сөйлемдер құрастырады	2	Сюжетті суреттердің ретін анықтауда және сурет бойынша әңгіме құрап жазуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Сурет бойынша әңгіме құрап жазады, мәтіннің/сөйлемдердің құрылымын сақтауда / тыныс белгілерін қолдануда / лексика-грамматикалық нормаларды сақтауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Сюжетті сурет бойынша жүйелі әңгіме құрап жазады. <input type="checkbox"/>

III тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың спецификациясы

1. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мақсаты

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың оқу мақсаттарына жеткендігін тексеруге және тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларын анықтауға бағытталған.

Спецификация 4-сыныпта «Қазақ тілі» пәнінен тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұны мен өткізу рәсімін сипаттайды.

2. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес)

3. III тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

3.1 Ұзақтығы - 40 минут

Балл саны – 18

3.2 Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әртүрлі: көп таңдауы бар, қысқа және толық жауапты қажет ететін тапсырмалар қолданылады.

Көп таңдауы бар тапсырмаларда білім алушы ұсынылған жауап нұсқаларынан дұрысын таңдайды.

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларда білім алушы сөздер немесе сөйлемдер түрінде жауап береді.

Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар мәтінді түсінуге, өз ойын ауызша және жазбаша түрде толық, жүйелі, түсінікті етіп жеткізуге бағытталған.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерден/ сұрақтардан тұруы мүмкін.

Берілген нұсқа қысқа және толық жауапты қажет ететін 4 тапсырмадан тұрады.

Бірінші тапсырма тыңдалым дағдысын, екіншісі - айтылым, үшіншісі - оқылым, төртінші тапсырма жазылым дағдысын тексеруге бағытталған.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

№	Ортақ тақырыптар	Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқу мақсаты	Тапсырманың сипаттамасы	Тапсырма саны	Жалпы балл
1	Қоршаған ортаны қорғау	Тыңдалым	4.1.1.1* Анық айтылған сөзді тыңдап, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасау және нақтылау мақсатында сұрақтар құру 4.1.3.1* Тыңдаған материалдың (ұзақтығы 2-2,5 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру/сөйлемді толықтыру және түйінді тұстарын анықтау/кесте толтыру/кластер құрастыру	Білім алушы жабық түрдегі көп таңдауы бар және ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларды орындайды.	1	5
		Айтылым	4.2.3.1* Белгілі бір тақырыпта сұбхаттасу барысында шағын мәліметті (4-5 сөйлем) баяндау, кері байланыс беру, сөйлеу стилін сақтау, дауыс ырғағын келтіріп сөйлеу	Білім алушы ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	4
2	Табиғат құбылыстары	Оқылым	4.3.2.1 Бейтаныс сөздер кездесетін шағын мәтіндегі негізгі ойды түсіну	Білім алушы жабық түрдегі көп таңдауы бар және ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларды орындайды.	1	4
		Жазылым	4.4.2.1* Оқыған/аудио/бейне материалдың мазмұнын дайын жоспар негізінде жазу	Білім алушы ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	5
Барлығы					4	18

4. Тапсырмалар мен балл қою кестесінің үлгілері

«Қазақ тілі» пәнінен 3-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары
(оқыту қазақ тілінде емес)

Тыңдалым

1-тапсырма

Мәтінді тында. Тапсырмаларды орында.

Жануарларды қорғау үшін қорықтар құру керек. Қорықтарда құстар мен жануарлардың, өсімдіктердің көбеюіне жағдай жасалады.

Қазақстанда Наурызым, Марқакөл, Қорғалжын, Алакөл т.б. қорықтар бар.

Қорғалжын қорығы Ақмола облысында орналасқан. Қорықтың басты байлығы – су құстары. Қорғалжын қорығы қызғылт қоқиқазды сақтау мақсатында құрылды. Көктем, жаз айларында бұл қорықтағы көлдер құстарға толады, сондықтан оны «Құс базары» деп те атайды. Қорықта қоқиқаздан басқа бірқазан, шағала, үйрек, қоңыр қаз сияқты құстар, түлкі, қарсақ, суыр сияқты жануарлар мекендейді.

1) Қорғалжын қорығы қандай мақсатпен құрылды?

- A) сирек өсімдіктерді сақтау үшін
- B) шағала мен үйректі сақтау үшін
- C) қызғылт қоқиқазды сақтау үшін
- D) түлкі мен қарсақты сақтау үшін

[1]

2) Мәтін бойынша сөйлемдерді толықтырып жаз.

- Қорғалжын қорығы _____ орналасқан.
- Қорғалжын қорығын «Құс базары» деп те атайды, өйткені _____

[2]

3) Мәтін бойынша 1 сұрақ құрастырып жаз және жауап бер.

Сұрақ: _____

Жауап: _____

[2]

Балл қою кестесі

Сөйлеу әрекеті	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
Тыңдалым	C)	1	
	Ақмола облысында	1	
	көктем, жаз айларында көл құстарға толы болады/ көктемде, жазда құстар көп болады/...	1	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы, қысқа және толық жауаптар қабылданады.
	Қорғалжын қорығында қандай жануарлар мекендейді?/Қазақстанда қандай қорықтар бар?/Қорықтар не үшін құрылады?/...	1	
	Қорғалжын қорығында түлкі, қарсақ,суыр мекендейді/ Наурызым, Марқакөл, Қорғалжын, Алакөл/Жануарларды қорғау үшін/...	1	
Барлығы		5	

Айтылым

2-тапсырма

Берілген тақырыптардың біреуін таңда. Тірек сөздерді қолданып, жұбыңмен диалог құр.

- 1) Тақырып: **Сирек жануарлар**
Тірек сөздер: қорғау, сиреу себебі, аулау, бағалы, тері, мүйіз, жойылу
- 2) Тақырып: **Қазақстанның Қызыл кітабы**
Тірек сөздер: сирек кездесетін, жойылып бара жатқан, әртүрлі парақтар, қорғауға алу, тыйым салу
- 3) Тақырып: **Табиғатты қорғайық!**
Тірек сөздер: байлық, өмір сүру, мүмкін емес, пайдалану, ластау, жою, зиян келтіру

[4]

Балл қою кестесі

Сөйлеу әрекеті	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
Айтылым	<i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i> — Асан, Қызыл кітап деген не? — Қызыл кітапқа сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктер жазылады. Қызыл кітапқа жазылған жануарларды, құстарды аулауға болмайды. — Ал жануарларды не үшін аулайды? — Жануарларды бағалы терісі, мүйізі үшін аулайды. — Қазақстанның Қызыл кітабына қандай жануарлар жазылған? — Қазақстанның Қызыл кітабына қоңыр аю, қызыл қасқыр, барыс жазылған. ...	1	Тақырыпқа сәйкес баламалы диалог қабылданады. Тақырыпқа қатысты сұрақтар қояды және жауап береді.
		1	Тақырыпқа қатысты мәліметтерді қамтиды.
		1	Тірек сөздерді орынды қолданады.
		1	Диалогтік сөйлеу мәдениетін, дауыс ырғағын сақтайды.
Барлығы		4	

Оқылым

3-тапсырма

Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

Қыс мезгілі адамның мінезіне ұқсайды: кейде қатты, кейде жұмсақ. Кейде қатты аяз, боран болса, кейде балаларды ашық күндерімен қуантады.

Айдос бүгін ерте тұрды. Далада боран соғып тұр. Айдос жүгіріп терезеге келді. Терезе алдында өсіп тұрған жас алма ағашына қарады. Бұл алма ағашын жазда анасы екеуі отырғызған еді.

Боран ағашты майыстырып, жан-жаққа жұлқып тұр. Айдос досын аяп кетті:

- Шыда, ағашым. Боран басылады, күн ашылады. Мен саған келемін. Саған күтім жасаймын. Сен үлкен болып өскен соң маған алманды бересің, - деді.

- 1) Мәтіннің негізгі ойына сәйкес болатын жауапты анықта.
 - A) қыста ағаштарды қар басады
 - B) қыстың мінезі әр түрлі болады
 - C) табиғатқа қамқорлық жасау керек
 - D) боранды күні ағашқа қиын болады

[1]

2) Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

а) Автор қыс мезгілін кімге/неге ұқсатады? Неліктен?

[2]

б) *Неліктен? не үшін?* сұрақтарын қолданып, мәтін бойынша 1 сұрақ құрастырып жаз.

[1]

Балл қою кестесі

Сөйлеу әрекеті	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
Оқылым	С)	1	
	Адамға/ адамның мінезіне	1	
	Адам сияқты кейде қатал, кейде мейірімді болады/кейде қатты, кейде жұмсақ болады	1	Тапсырманың мазмұнына сәйкес
	Айдос неліктен терезенің алдына келді? / Айдос досын неліктен аяп кетті?/Жас алма ағашы неліктен майысып тұрды?/...	1	баламалы сұрақтар мен жауаптар қабылданады.
Барлығы		4	

Жазылым**4-тапсырма**

Берілген жоспар бойынша оқыған мәтіннің мазмұнын жаз.

Жоспар:

1. Қыс көрінісі
2. Боранды күн
3. Жас алма ағашы

[5]

Балл қою кестесі

Сөйлеу әрекеті	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
Жазылым	<i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i> Қыс келді. Даланы аппақ қар басты. Қыста кейбір күндер аязды, кейде ашық болады.	1	Мәтіннің мазмұнын жоспарға сәйкес, жүйелі жазады.
	Айдос бүгін ерте тұрды. Далада боран соғып тұр. Айдос терезеден анасы екеуі отырғызған алма ағашын көрді. Алма ағашы желден майысып тұр екен. Айдос ағашқа: - Шыда, ағашым, боран басылады. Мен саған күтім жасаймын, - деді.	1	Сөйлемдердің құрылымын сақтайды.
		1	Сөздер мен сөйлемдердің мағыналық байланысын сақтайды.
		1	Тыныс белгілерін дұрыс қолданады.
		1	Лексика-грамматикалық нормаға сай жазады.
Барлығы		5	

5. Тоқсан бойынша жиынтық бағалауды өткізу ережелері

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинетіңіздегі көмек ретінде қолдануға мүмкін болатын кез келген көрнекі құралдарды (диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар немесе карталарды) жауып қойған дұрыс.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталмас бұрын алғашқы бетінде жазылған нұсқау оқылып, білім алушыларға жұмыстың орындалу ұзақтығы хабарланады. Білім алушыларға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі. Нұсқаулықпен таныстырып болғаннан кейін білім алушыларға тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтылады.

Білім алушылардың жұмысты өздігінен орындап жатқандығына, жұмысты орындау барысында көмек беретін қосымша ресурстарды, мысалы: сөздіктер немесе калькуляторлар (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіледі. Олардың жұмыс уақытында бір-біріне көмектесулеріне, көшіріп алуларына және сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі.

Білім алушыларға дұрыс емес жауапты өшіргішпен өшірудің орнына, қарындашпен сызып қою ұсынылады.

Жұмыс барысында нұсқаулыққа немесе жұмыстың ұзақтығына қатысты білім алушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруге болады. Жекелеген білім алушыларға көмек беруге негізделген кез келген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға немесе көрсетуге тыйым салынады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аяқталуына 5 минут уақыт қалғандығын үнемі хабарлап отыру қажет.

Тоқсандық жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін білім алушылардан жұмыстарын тоқтатып, қалам/қарындаштарын партаның үстіне қоюларын өтіну керек.

6. Модерация және балл қою

Барлық мұғалімдер балл қою кестесінің бірдей нұсқасын қолданады. Модерация үдерісінде бірыңғай балл қою кестесінен ауытқушылықты болдырмау үшін жұмыс үлгілерін балл қою кестесіне сәйкес тексеру қажет.

IV ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Ғарышқа саяхат» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Сөйлеу әрекетінің түрлері	Тыңдалым Айтылым
Оқу мақсаты	4.1.3.1* Тыңдалған материалдың (ұзақтығы 2-2,5 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру/сөйлемді толықтыру және түйінді тұстарын анықтау/кесте толтыру/кластер құрастыру/болжау 4.2.1.1* Берілген сөздерге қарама-қарсы мағыналы, мағыналас сөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Тыңдалған мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді• Мәтіннен қажетті ақпараттарды анықтайды• Сөйлеу барысында қарама-қарсы мағыналы сөздерді қолданады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну
Орындау уақыты	Қолдану 20 минут

1-тапсырма

Мәтінді тыңда. Тапсырмаларды орында.

Ай – Жерге ең жақын орналасқан суық аспан денесі. Ол өзінен жарық шығармайды. Айға күн сәулесі түседі, сондықтан ол жарқырап тұрады. Ай Жерден әлдеқайда кіші.

Ай өте үлкен және жарық, сондықтан ол әрқашан адамдарды қызықтырды. 1969 жылы Айға алғаш рет ғарышкерлер барды. Айда олардың іздері әлі сақталған. Себебі Айда іздерді жоятын жел де, су да жоқ.

Айда өмір сүруге болмайды. Өйткені онда ауа жоқ. Бірақ адамдар болашақта Айға үй салып, өмір сүруді армандайды.

1) Адамдар Айға неліктен қызығады? _____

2) Мәтін бойынша сөйлемдерді толықтыр.

- Айға _____ түседі, сондықтан ол жарқырап тұрады.
- Айдағы іздер жойылмайды, себебі _____.

2-тапсырма

Берілген сөздерге қарама-қарсы мағыналы сөздерді тауып айт.

Жақын, ірі, суық, бұрынғы, үлкен

Оларды қатыстырып «Күн жүйесі» тақырыбында сөйле.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Тыңдалған мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді Мәтіннен қажетті ақпараттарды анықтайды	1	мәтін бойынша сұраққа жауап береді;	1
		мәтін бойынша сөйлемдерді толықтырады: - бірінші сөйлем; - екінші сөйлем;	1 1
Сөйлеу барысында қарама-қарсы мағыналы сөздерді қолданады	2	берілген сөздерге қарама-қарсы мағыналы сөздерді анықтайды; (<i>3сөзден кем емес</i>)	1
		тақырыпқа сәйкес мәтін құрайды;	1
		қарама-қарсы мағыналы сөздерді орынды қолданады;	1
		сөйлемнің құрылымын сақтайды;	1
		сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды.	1
Барлығы			8

**«Ғарышқа саяхат» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Тыңдалған мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді Мәтіннен қажетті ақпараттарды анықтайды	1	Мәтіннің мазмұны бойынша сұраққа жауап беруде және сөйлемдерді толықтыруда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтін бойынша сұраққа жауап беруде/ сөйлемдерді толықтыруда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді және сөйлемдерді толықтырады. <input type="checkbox"/>
Сөйлеу барысында қарама-қарсы мағыналы сөздерді қолданады	2	Берілген тақырып бойынша қарама-қарсы мағыналы сөздерді пайдаланып сөйлеуде қиналады. <input type="checkbox"/>	Тақырыпқа сәйкес мәтін құрайды, берілген сөздерге қарама-қарсы мағыналы сөздерді анықтауда/сөйлемнің құрылымын / тілдік нормаларды сақтауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Берілген тақырыпқа сәйкес мәтін құрайды және сөйлеу барысында қарама-қарсы мағыналы сөздерді орынды қолданады. <input type="checkbox"/>

«Болашаққа саяхат» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқылым Жазылым
Оқу мақсаты	4.3.1.1* Мәтінді іштей, түсініп және қажетті ақпаратты тауып/шолып/белгі қойып оқу 4.4.5.2 Сөзге қосымшалар жалғау кезінде үндестік заңын сақтау 4.5.1.5* Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай және құрмалас сөйлем құрастыру
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді• Мәтіннен қажетті ақпаратты анықтайды• Жазу барысында үндестік заңын сақтайды• Сөйлемдер құрастыруда сөздердің орын тәртібін сақтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты	20 минут

1-тапсырма

Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

Ертеде бір отбасында кішкентай Робот өмір сүрді. Оны зауытта жасады. Кішкентай Робот отбасы мүшелеріне көмектесті, кешке қызықты әңгімелер айтты, кішкентай балалармен ойнады.

Кішкентай Роботтың адам болғысы келді. Мерекелерде барлығымен бірге көңіл көтергісі келді. Бірақ ол өзінің ешқашан адам бола алмайтынын түсінді. Осындай ойлардан кішкентай Роботтың көңілі түсетін.

Күндер өте берді. Кішкентай балалар өсті. Роботтың әңгімелерін ешкім тыңдамады, ешкім оған назар аудармады. Кішкентай Роботтың ғажайып сиқыр жасағысы келді.

Бір күні ол ...

- 1) Мәтінге қай атау сәйкес келеді?
 - A) кішкентай Роботтың өмірі
 - B) кішкентай Роботтың ойлары
 - C) кішкентай Роботтың мерекесі
 - D) кішкентай Роботтың әңгімелері
 - 2) Кішкентай Робот неліктен көңілсіз болып жүрді?
-

3) Сұрақтарға сәйкес ақпараттарды анықта.

1. Роботтың отбасындағы өмірі қандай еді?

a) Оның адам болғысы келеді.

b) Ол кешке әңгіме айтып, кішкентай балалармен ойнайды.

2. Роботтың арманы не?

c) Ол ешқашан адам бола алмайтынын түсінеді

3. Роботты қандай ойлар мазалайтын?

d) Оның әңгімелерін ешкім тыңдамады

2-тапсырма

Берілген сөйлемдерді жалғастырып, мәтіндегі оқиғаны 5-6 сөйлеммен аяқтап жаз.

Кішкентай Роботтың ғажайып сиқыр жасағысы келді. Бір күні ол

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді Мәтіннен қажетгі ақпаратты анықтайды	1	мәтіннің тақырыбын анықтайды;	1
		мәтіннің мазмұнына қатысты сұраққа жауап береді;	1
		берілген сұрақтарға сәйкес ақпараттарды анықтайды:	1
		- бірінші сұрақ; - екінші сұрақ; - үшінші сұрақ;	1 1 1
Жазу барысында үндестік заңын сақтайды Сөйлемдер құрастыруда сөздердің орын тәртібін сақтайды	2	мәтіндегі оқиғаны жүйелі жалғастырып жазады;	1
		мәтіннің құрылымдық бөліктерін сақтайды;	1
		сөйлемдердің құрылымын сақтайды;	1
		жазу барысында үндестік заңын ескереді;	1
		лексика-грамматикалық нормаға сай жазады.	1
Барлығы			10

**«Болашаққа саяхат» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді Мәтіннен қажетті ақпаратты анықтайды	1	Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беруде және мәтіннен қажетті ақпараттарды табуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беруде/ берілген ақпараттардың сәйкестігін анықтауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді және қажетті ақпараттарды табады. <input type="checkbox"/>
Жазу барысында үндестік заңын сақтайды Сөйлемдер құрастыруда сөздердің орын тәртібін сақтайды	2	Мәтіндегі оқиғаны жалғастырып жазуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтінді толықтырып жазады, сөйлемдердің құрылымын/ үндестік заңын сақтап жазуда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтай отырып, мәтінді толықтырып жазады. <input type="checkbox"/>

IV тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың спецификациясы

1. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мақсаты

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың оқу мақсаттарына жеткендігін тексеруге және тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларын анықтауға бағытталған.

Спецификация 4-сыныпта «Қазақ тілі» пәнінен тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұны мен өткізу рәсімін сипаттайды.

2. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес)

3. IV тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

3.1 Ұзақтығы – 40 минут

Балл саны – 18

3.2 Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әртүрлі: көп таңдауы бар, қысқа және толық жауапты қажет ететін тапсырмалар қолданылады.

Көп таңдауы бар тапсырмаларда білім алушы ұсынылған жауап нұсқаларынан дұрысын таңдайды.

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларда білім алушы сөздер немесе сөйлемдер түрінде жауап береді.

Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар мәтінді түсінуге, өз ойын ауызша және жазбаша түрде толық, жүйелі, түсінікті етіп жеткізуге бағытталған.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерден/ сұрақтардан тұруы мүмкін.

Берілген нұсқа қысқа және толық жауапты қажет ететін 4 тапсырмадан тұрады.

Бірінші тапсырма тыңдалым дағдысын, екіншісі – айтылым, үшіншісі – оқылым, төртінші тапсырма жазылым дағдысын тексеруге бағытталған.

Токсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

№	Ортақ тақырыптар	Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқу мақсаты	Тапсырманың сипаттамасы	Тапсырма саны	Жалпы балл
1	Болашаққа саяхат	Тыңдалым	4.1.3.1* Тыңдалған материалдың (ұзақтығы 2-2,5 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру/сөйлемді толықтыру және түйінді тұстарын анықтау/кесте толтыру/кластер құрастыру/болжау	Білім алушы жабық түрдегі көп таңдауы бар және ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларды орындайды.	1	5
		Айтылым	4.2.2.1 Берілген тірек сөздер мен жоспардың негізінде қысқа монолог құру	Білім алушы ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырмаларды орындайды.	1	4
2	Ғарышқа саяхат	Оқылым	4.3.1.1* Мәтінді іштей, түсініп және қажетті ақпаратты тауып/шолып/ белгі қойып оқу	Білім алушы жабық түрдегі көп таңдауы бар және ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларды орындайды.	1	5
		Жазылым	4.4.2.1* Оқыған/ аудио/ бейне материалдың мазмұнын дайын жоспар негізінде жазу 4.5.1.5* Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап, жай және құрмалас сөйлем құрастыру	Білім алушы ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырмаларды орындайды.	1	4
Барлығы					4	18

4. Тапсырмалар мен балл қою кестесінің үлгілері

«Қазақ тілі» пәнінен 4-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары
(оқыту қазақ тілінде емес)

Тыңдалым

1-тапсырма

Мәтінді тында. Тапсырмаларды орында.

Елдос далада серуендеп жүрген. Кенет ол тоғай арасында жарқырап тұрған түрлі түсті оттарды байқады. Елдос ағаштардың арасымен ақырын барып қарады. Тоғай ішіндегі шағын алаңда үлкен тәрелкеге ұқсас бір ғажайып кеме тұр.

Бір кезде Елдос өзіне қарай келе жатқан екі өзге ғаламшарлықты көрді. Олардың бойы аласа, денесі ақшыл жасыл түсті, көздері үлкен екен. Елдос қатты қорықты. Бірақ олардың біреуі:

- Сәлем, досым! Біз Шолпан ғаламшарынан келдік. Біз Жерге қарай ұшып келе жатқан үлкен метеоритті байқадық. Жерге үлкен қауіп төніп тұр. Мұны Жердегі барлық адамдарға хабарлау керек, - деді.

- Қалайша? Енді не істейміз? – деп айқайлап жіберген Елдос ұйқысынан оянып кетті.

1) Мәтінге қай тақырып сәйкес келеді?

- A) Елдостың түсі
- B) Ғажайып кеме
- C) Орманға саяхат
- D) Елдостың арманы

[1]

2) Өзге ғаламшарлықтар Жерге не себепті келіпті?

[1]

3) Мәтін бойынша сөйлемдерді толықтырып жаз.

- Елдос алаңда тұрған _____ көрді.
- Одан екі _____ түсті.
- Олардың бойы аласа, _____.

[3]

Балл қою кестесі

Сөйлеу әрекеті	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
Тыңдалым	A)	1	
	Жерге қарай ұшып келе жатқан метеорит туралы хабар беру үшін / Метеорит туралы айту үшін	1	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы, қысқа және толық жауаптар қабылданады.
	ғажайып кеме / тәрелкеге ұқсас кеме / ерекше кеме	1	
	өзге ғаламшарлықтар / басқа ғаламшардан келген адамдар	1	
	денесі ақшыл жасыл түсті, көздері үлкен	1	
Барлығы		5	

Айтылым

2-тапсырма

Берілген жоспар бойынша тыңдаған мәтіннің мазмұнын айт.

- 1) Жарқыраған оттар
- 2) Өзге ғаламшарлықтар
- 3) Үлкен қауіп

[4]

Балл қою кестесі

Сөйлеу әрекеті	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
Айтылым	<i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i> Елдос далада серуендеп жүрген. Ол алаңда оттары жарқырап тұрған ғажайып кемені көрді. Кемеден екі өзге ғаламшардың адамы шықты. Олардың бойы қысқа, денесі жасыл, көздері үлкен екен. Олар Елдосқа қарай жүрді. Олар: - Жерге үлкен метеорит ұшып келеді. Мұны адамдарға айту керек, - деді. Елдос қорқып, ұйқысынан оянып кетті.	1	Баламалы мәтін қабылданады.
		1	Мәтіндегі негізгі ақпараттарды қамтиды;
		1	Сөйлем құрылымын сақтайды.
		1	Сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды.
Барлығы		4	

Оқылым

3-тапсырма

Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

Ербол мен Тимур – достар. Екеуі бір сыныпта оқиды. Олар көптен бері болашақтың машинасын құрастырып жүр. Олар машинаға үлкен сағат орнатты.

Бүгін олар үшін ерекше күн. Олар машинаны алғаш рет іске қосып көреді. Өздері қуанып және қорқып тұр. Тимур үлкен қызыл тетікті басып, сағатты бұрады.

— Қай уақытқа барамыз, Ербол?

— Болашаққа барайық. Болашақта Қазақстанның қандай болатынын көргім келеді.

— Жақсы, онда сағатты 2030 жылға қоямын. Дайынсың ба? Кеттііііік!

Осы кезде айналадағы заттар көрінбей, балалар кеңістікте ұшып бара жатты.

- 1) Балаларды сипаттайтын 2 сөзді анықта.

- A) ақылды
- B) жалқау
- C) еңбекқор
- D) мейірімді

[2]

- 2) Мәтіннің мазмұнына сәйкес болатын 2 сөйлемді анықта.

- A) Уақыт машинасы үш бөлшектен тұрады.
- B) Уақыт машинасын іске қосу сәтсіз аяқталды.
- C) Достар уақыт машинасын бірінші рет іске қосты.
- D) Достар уақыт машинасымен болашаққа саяхаттады.

[2]

- 3) Бұл күн достар үшін неліктен ерекше болды?

[1]

Балл қою кестесі

Сөйлеу әрекеті	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
Оқылым	A) ақылды	1	
	C) еңбекқор	1	
	C) Достар уақыт машинасын бірінші рет іске қосты.	1	
	D) Достар уақыт машинасымен болашаққа саяхаттады.	1	
	Олар өз уақыт машинасын алғаш рет іске қосады/ өздері жасаған уақыт машинасымен саяхатқа шығады/ ...	1	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы, қысқа және толық жауаптар қабылданады.
Барлығы		5	

Жазылым

4-тапсырма

Берілген жоспар бойынша оқыған мәтіннің мазмұнын жаз. Мәтінді өз бетіңше аяқтап көр.

Жоспар:

- 1) Ерекше күн
- 2) Уақыт машинасын іске қосу
- 3) Болашаққа саяхат

[4]

Балл қою кестесі

Сөйлеу әрекеті	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
Жазылым	<i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i> Ербол мен Тимур бір сыныпта оқиды. Олар – нағыз достар. Олар уақыт машинасын құрастырды. Бүгін оны іске қосады. Достар болашақтағы Қазақстанды көргісі келді. Тимур қызыл тетікті басты. Достар болашақ Қазақстанға ұшып келді. Мұнда көп жұмысты роботтар істейді екен. Қазақстан өте үлкен және танымал мемлекет екен.	1	<i>Баламалы мәтін қабылданады. Мәтіннің мазмұнын жоспарға сәйкес жазады.</i>
		1	<i>Мәтіннің қорытынды бөлімін жүйелі байланыстырады.</i>
		1	<i>Сөйлем құрылымын сақтайды.</i>
		1	<i>Лексика-грамматикалық, пунктуациялық нормаларға сай жазады</i>
Барлығы		4	

5. Тоқсан бойынша жиынтық бағалауды өткізу ережелері

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинетіңіздегі көмек ретінде қолдануға мүмкін болатын кез келген көрнекі құралдарды (диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар немесе карталарды) жауып қойған дұрыс.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталмас бұрын алғашқы бетінде жазылған нұсқау оқылып, білім алушыларға жұмыстың орындалу ұзақтығы хабарланады. Білім алушыларға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі. Нұсқаулықпен таныстырып болғаннан кейін білім алушыларға тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтылады.

Білім алушылардың жұмысты өздігінен орындап жатқандығына, жұмысты орындау барысында көмек беретін қосымша ресурстарды, мысалы: сөздіктер немесе калькуляторлар (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіледі. Олардың жұмыс уақытында бір-біріне көмектесулеріне, көшіріп алуларына және сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі.

Білім алушыларға дұрыс емес жауапты өшіргішпен өшірудің орнына, қарындашпен сызып қою ұсынылады.

Жұмыс барысында нұсқаулыққа немесе жұмыстың ұзақтығына қатысты білім алушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруге болады. Жекелеген білім алушыларға көмек беруге негізделген кез келген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға немесе көрсетуге тыйым салынады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аяқталуына 5 минут уақыт қалғандығын үнемі хабарлап отыру қажет.

Тоқсандық жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін білім алушылардан жұмыстарын тоқтатып, қалам/ қарындаштарын партаның үстіне қоюларын өтіну керек.

6. Модерация және балл қою

Барлық мұғалімдер балл қою кестесінің бірдей нұсқасын қолданады. Модерация үдерісінде бірыңғай балл қою кестесінен ауытқушылықты болдырмау үшін жұмыс үлгілерін балл қою кестесіне сәйкес тексеру қажет.